

«Қазақстан Халық Банкі»
акционерлік қоғамы
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
шоғырландырылған қаржы нәтижелері

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – Банк) (Лондон Қор Биржасындағы (LSE) тикер: HSBK, Қазақстан қор биржасындағы (KASE) тикер: HSBK және HSBKd, АХҚО биржасындағы (AIX) тикер: HSBK және HSBK.Y) 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржы есептілігін және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысын жариялайды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

	Млн теңге							
	12 ай 2025	12 ай 2024	ж/ж, абс	ж/ж, %	4тоқ 2025	4тоқ 2024	ж/ж, абс	ж/ж, %
<i>Пайыздық кірістер⁽¹⁾</i>	2,694,957	2,170,786	524,171	24.1%	708,575	598,926	109,649	18.3%
<i>Пайыздық шығыстар</i>	(1,407,219)	(1,062,876)	(344,343)	32.4%	(389,109)	(282,702)	(106,407)	37.6%
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс	1,287,738	1,107,910	179,828	16.2%	319,466	316,224	3,242	1.0%
<i>Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер</i>	238,954	211,734	27,220	12.9%	63,380	58,166	5,214	9.0%
<i>Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар</i>	(98,805)	(86,450)	(12,355)	14.3%	(25,038)	(25,459)	421	(1.7%)
Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер	140,149	125,284	14,865	11.9%	38,342	32,707	5,635	17.2%
Сақтандыру қызметінен түскен таза кіріс ⁽²⁾	62,964	49,932	13,032	26.1%	11,633	23,656	(12,023)	(50.8%)
Шетел валютасымен операциялар, қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза пайда ⁽³⁾	203,671	216,915	(13,244)	(6.1%)	61,581	67,880	(6,299)	(9.3%)
Басқа шығыстар / пайызсыз кірістер ⁽⁴⁾	67,919	(6,303)	74,222	(x10.8)	19,786	24,885	(5,099)	(20.5%)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарды қалыптастыру және басқа кредиттік залалдар бойынша қалпына келтіру	(156,208)	(128,472)	(27,736)	21.6%	(48,733)	(31,544)	(17,189)	54.5%
Операциялық шығыстар ⁽⁵⁾	(307,996)	(263,373)	(44,623)	16.9%	(86,687)	(82,674)	(4,013)	4.9%
Табыс салығы бойынша шығыс	(239,817)	(180,902)	(58,915)	32.6%	(66,903)	(68,958)	2,055	(3.0%)
Таза пайда	1,058,420	920,991	137,429	14.9%	248,485	282,176	(33,691)	(11.9%)
Бақыланбайтын үлес	3	3	0	-	1	1	0	-
Банктің жай акционерлеріне таза пайда	1,058,417	920,988	137,429	14.9%	248,484	282,175	(33,691)	(11.9%)
Таза пайыздық маржа, жылдық	7.1%	7.2%			6.9%	7.6%		
Орташа меншікті капиталға қайтару (RoAE), жылдық	32.6%	34.0%			29.4%	37.5%		
Орташа активтерге қайтару (RoAA), жылдық	5.4%	5.5%			4.8%	6.3%		
Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы	17.5%	17.6%			19.2%	17.8%		
Клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны, жылдық	1.4%	1.2%			1.3%	0.9%		

- (1) Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер және басқа пайыздық кірістер;
- (2) Сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстарды, сақтандыру бойынша қаржылық (шығыстарды)/кірістерді және қайта сақтандыру бойынша таза шығыстарды шегергендегі сақтандыру бойынша кірістер;
- (3) Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза (залал)/пайда, өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінен таза іске асырылған (залал)/пайда, шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда;
- (4) Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлес, банктік емес қызметтен түсетін кірістер, өзге де кірістер/(шығыстар)
- (5) Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіруді/(залалды) қоса алғанда.

Жай акционерлерге таза пайда 2025 жылғы 12 айда кредиттеу, транзакциялық және сақтандыру бизнесінің ұлғаюы арқасында, сондай-ақ ҚОҚ депозитінің 2024 жылғы 12 айдағы мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты біржолғы шығынды тану жөніндегі базаның әсері есебінен жылдан жылға 14.9%-ға ұлғайды.

Пайыздық кірістер⁽¹⁾ 2025 жылғы 12 айда 2024 жылғы 12 айдағымен салыстырғанда негізінен клиенттердің қарыздары бойынша орташа баланстың өсуі есебінен 24.1%-ға ұлғайды.

Пайыздық шығыстар 2025 жылғы 12 айда 2024 жылғы 12 айдағымен салыстырғанда негізінен клиенттердің қаражаты бойынша орташа мөлшерлеме мен орташа қалдықтардың өсуі, сондай-ақ клиенттердің теңгедегі қаражаты үлесінің өсуі салдарынан 32.4%-ға ұлғайды.

Таза пайыздық маржаның 2024 жылғы 12 айдағы 7.2 %-бен салыстырғанда 2025 жылғы 12 айда 7.1%-ға дейін төмендеуі базалық мөлшерлемені көтергеннен кейін пайыздық шығыс әкелетін жалпы пассивтерді пайыздық кіріс әкелетін жалпы активтермен салыстырғанда жылдам қайта бағалаумен және ең төменгі резервтік талаптардың жаңа коэффициенттерін енгізумен шартталды.

Таза пайыздық кіріс 2025 жылғы 12 айда 2024 жылғы 12 айдағымен салыстырғанда клиенттер санының ұлғаюы мен жеке және заңды тұлғалардың транзакциялық белсенділігінің өсуіне байланысты 11.9%-ға ұлғайды.

2025 жылғы 12 айдағы **басқа шығыстар/пайызсыз кірістер⁽⁴⁾** бойынша жалпы динамикаға 2024 жылғы 12 айдағы ҚОҚ депозитін мерзімінен бұрын өтеуге байланысты біржолғы шығынды тануға байланысты база әсері ықпал етті.

Операциялық шығыстар⁽⁵⁾ 2025 жылғы 12 айда 2024 жылғы 12 айдағымен салыстырғанда негізінен ұзақ мерзімді ынталандыру бағдарламасы бойынша шығыстарды, сондай-ақ АТ-ны дамытуға кеткен шығыстарды қоса алғанда, жалақы мен сыйлықақыларды индекстеу есебінен 16.9 %-ға ұлғайды.

Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы 2025 жылғы 12 айда операциялық кірістердің аса жоғары болуының арқасында 2024 жылғы 12 йдағы 17.6%-бен салыстырғанда 2025 жылғы 12 айда 17.5 %-ға дейін аздап төмендеді.

2025 жылғы 12 айдағы **клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны** жылдық болжамымыздың аясында қалыпты деңгейде болып, 1.4%-ды құрады.

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

	Млн теңге						
	31- Желтоқсан- 25	30- Қыркүйек- 25	Зтоқ. аяғына қарай өзгер., абс	Зтоқ. аяғына қарай өзгер., %	31- Желтоқсан- 24	Жыл басына қарай өзгер., абс	Жыл басына қарай өзгер., %
Активтердің барлығы	20,908,456	20,410,346	498,110	2.4%	18,548,414	2,360,042	12.7%

Ақша және оның баламасы	1,694,431	1,781,551	(87,120)	(4.9%)	1,473,802	220,629	15.0%
Міндетті резервтер	862,148	834,159	27,989	3.4%	306,330	555,818	x2.8
Кредиттік мекемелердегі қаражат	181,288	200,256	(18,968)	(9.5%)	156,966	24,322	15.5%
ҚР Қаржы Мин қазынашылық облигациялары және ҚРҰБ ноталары ⁽⁶⁾	2,502,059	2,487,956	14,103	0.6%	2,738,432	(236,373)	(8.6%)
Басқа БҚ және туынды құралдар ⁽⁷⁾	1,846,649	1,910,723	(64,074)	(3.4%)	1,776,082	70,567	4.0%
Несие портфелі, брутто	13,714,721	13,031,358	683,363	5.2%	12,038,868	1,675,853	13.9%
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв	(603,804)	(611,402)	7,598	(1.2%)	(573,219)	(30,585)	5.3%
Несие портфелі, нетто	13,110,917	12,419,956	690,961	5.6%	11,465,649	1,645,268	14.3%
Сатуға арналған активтер	8,896	11,383	(2,487)	(21.8%)	8,833	63	0.7%
Басқа активтер	703,065	764,362	(61,297)	(8.0%)	622,320	80,745	13.0%
Міндеттемелердің барлығы	17,408,105	17,142,708	265,397	1.5%	15,480,365	1,927,740	12.5%
Клиенттердің қаражаты, сондай-ақ:	14,338,804	14,163,375	175,429	1.2%	12,990,043	1,348,761	10.4%
жеке тұл. депозиттері	7,976,450	7,720,886	255,564	3.3%	7,200,363	776,088	10.8%
мерзімді салымдар	6,781,175	6,675,906	105,269	1.6%	6,063,129	718,046	11.8%
ағымдағы шоттар	1,195,275	1,044,980	150,295	14.4%	1,137,234	58,042	5.1%
заңды тұл. депозиттері	6,362,353	6,442,489	(80,135)	(1.2%)	5,789,680	572,673	9.9%
мерзімді салымдар	4,675,777	4,719,737	(43,960)	(0.9%)	3,811,441	864,336	22.7%
ағымдағы шоттар	1,686,576	1,722,752	(36,176)	(2.1%)	1,978,239	(291,663)	(14.7%)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	970,098	979,743	(9,645)	(1.0%)	879,212	90,886	10.3%
Кредиттік мекемелердің қаражаты	1,270,128	1,138,477	131,651	11.6%	814,069	456,059	56.0%
Басқа міндеттемелер	829,075	861,113	(32,038)	(3.7%)	797,041	32,034	4.0%
Капиталдың барлығы	3,500,351	3,267,638	232,713	7.1%	3,068,049	432,302	14.1%

(6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық облигациялары және ҚРҰБ ноталары;

(7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық облигацияларын және ҚРҰБ ноталарын шегергендегі күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді шегергендегі амортизацияланған құны бойынша бағаланатын өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, борыштық бағалы қағаздар;

2025 жылғы 12 айдың аяғындағы жағдай бойынша **активтердің барлығы** негізінен клиенттер қаражатының ұлғаюы салдарынан жыл басынан бері 12.7%-ға өсті.

2024 жыл аяғымен салыстырғанда **клиенттерге қарыздар** брутто негізінде 13.9%-ға және нетто негізінде 14.3%-ға ұлғайды, бұл ретте бөлшек сауда портфелі 10.8%-ға өсті, ал заңды тұлғалардың портфелі брутто негізінде 15.5%-ға өсті.

Stage 3 коэффициенті 2025 жылғы 4-тоқсан аяғына қарай 2026 жылғы мамырға дейін коллекторлық агенттіктерге проблемалық бөлшек қарыздарды сатуға мораторийдің және корпоративтік клиенттердің бір бөлігінің Stage 2-ден Stage 3-ке көшуі нәтижесінде жыл басына қарай 7.7%-ға дейін өсті.

2024 жылдың аяғымен салыстырғанда **заңды тұлғалардың қаражаты мен жеке тұлғалардың**

қаражаты Банк клиенттерінен қаражаттың келуі есебінен тиісінше 9.9% және 10.8%-ға ұлғайды.

2025 жылғы 12 айдың аяғындағы жағдай бойынша клиенттер қаражатының жалпы сомасынан теңгемен номиналданған клиенттер қаражатының үлесі 2024 жыл аяғындағы жағдай бойынша 69.1%-бен салыстырғанда 71.7%-ды құрады, ал теңгемен номиналданған заңды тұлғалар депозиттерінің заңды тұлғалардың депозиттерінің жалпы сомасындағы үлесі 2024 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 70.9%-бен салыстырғанда 70.4%-ды құрады, ал теңгемен номиналданған бөлшек депозиттердің жалпы сомасындағы үлесі 2024 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 67.5%-бен салыстырғанда 72.7%-ды құрады.

2024 жылдың аяғымен салыстырғанда **кредиттік мекемелердің қаражаты** РЕПО келісімдері бойынша қарыздардың өсуі салдарынан 56.0%-ға ұлғайды.

2025 жылғы 12 айдың аяғындағы жағдай бойынша **шығарылған борыштық бағалы қағаздар** 2024 жылдың аяғымен салыстырғанда 10.3%-ға өсті және Банктің борыштық бағалы қағаздар портфелі келесідей болды:

Борыштық құралдың атауы	Айналыстағы номиналды сома	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу күні
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	182.1 млрд теңге	18.63% p.a. – құбылмалы мөлшерлеме	Шілде 2031
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	20.0 млрд теңге	17.83% - құбылмалы мөлшерлеме	Желтоқсан 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	196.5 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Мамыр 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	299.6 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Мамыр 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	500 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Мамыр 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	496.4 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Шілде 2027

Капиталдың жиыны 2025 жылғы 12 айдың аяғындағы жағдай бойынша 2024 жылдың аяғымен салыстырғанда Банк 2025 жылдың 12 айында тапқан таза пайданың арқасында 14.1%-ға ұлғайды.

Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенттері*:

31-жел-25 30-қыр-25 30-мау-25 31-нау-25 31-жел-24

Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері, шоғырландырылмаған:

Halyk Bank

k1-1	18.9%	18.0%	18.5%	19.8%	19.3%
k1-2	18.9%	18.0%	18.5%	19.8%	19.3%
k2	18.9%	18.0%	18.5%	19.8%	19.4%

* капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын минималды реттеуші талаптар: k1 - 9.5%, k1-2 – 10.5% және k2 – 12%, соның ішінде 3% сақтау буфері және әрбір коэффициент үшін 1% жүйелік буфер

Ескертулерді қоса алғанда, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы шоғырландырылған

қаржы ақпараты Банктің веб-сайтында қолжетімді: <https://halykbank.com/results-and-presentations>

2025 жылдың он екі айы мен 4-ші тоқсанындағы қаржы нәтижелерінің қорытындысы бойынша конференцияның веб-трансляциясы бейсенбі күні - 2026 жылғы 19 наурыз күні Лондон уақыты бойынша сағат 14:00-де / Алматы уақыты бойынша сағат 19:00-де (UTC +5:00) өтеді. Презентацияның тікелей трансляциясы тіркелгеннен кейін Zoom сілтемесі арқылы қолжетімді. Тіркелу 2026 жылғы 19 наурызға дейін (қоса алған) ашық, тіркелу үшін [мына](#) жерді басыңыз.

Қазақстан Халық Банкі туралы

Халық Банкі – бөлшек, ШОБ және корпоративтік банк қызметтерін, сақтандыруды, лизингі, брокерлік қызметтерді, активтерді басқаруды және өмірге қажетті қызметтерді (лайфстайл) қоса алғанда, әртүрлі сегменттерде жұмыс істейтін Қазақстандағы жетекші қаржы тобы. Халық Банкінің Қазақстан қор биржасында 1998 жылдан бері, Лондон қор биржасында 2006 жылдан бері және Астана халықаралық биржасында 2019 жылдан бері листингі бар.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Банк жиынтығында 20,908 млрд теңге мөлшеріндегі активтерге ие бола отырып, Қазақстандағы ең ірі кредитор болып табылады. Банк елдегі ең ірі клиенттік базалардың біріне ие және филиал желісі кең тараған, ел бойынша 542 филиалы мен бөлімшесі бар. Сонымен қатар Банк Грузия мен Өзбекстанда қызмет етеді.

Банк туралы толығырақ ақпарат <https://halykbank.com/> сайтында

- СОҢЫ-

Қосымша ақпарат алуға болатын тұлғалар:

Мира Тиянақ	+7 727 259 04 30 Ir@halykbank.kz MiraK@halykbank.kz
Рустам Теліш	+7 727 330 15 66 RustamT@halykbank.kz
Екатерина Сванбаева	+7 727 330 12 88 EkaterinaS@halykbank.kz
Лаура Кустубаева	+7 (727) 259 60 27 LauraKus@halykbank.kz